

**«Х.ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ
ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**



«Бекітемін»

Факультет деканы
Муханбетжаиова А.У.

31.01.24 №5

**«Эмоционалды интеллект және тұлға тану» ғылыми мектебінің 2024
жылға арналған
ЖОСПАРЫ**

Атырау, 2024

Ғылыми психологиялық бағыт: «Эмоционалды интеллект және тұлға тану» ғылыми мектебі

Бұл студенттер мен ересектерде табысты болашаққа бағытталған басты дағды - эмоционалды интеллекттің және тұлғаны дамытуға бағытталған өзіндік оқыту бағдарламасы.

Дәл осы эмоция оқу мен жұмыс нәтижелеріне, ынта мен жігерге, қарым-қатынасымыздың сапасына және біздің көңіл-күйімізге әсер етеді.

Ғылыми мектеп тыңдаушыларының эмоционалды интеллектісі мен әлеуметтік құзыреттілігін дамыту бағдарламасы әлеуметтік жетістікке және тұлғаның жеке басының үйлесімді дамуына, эмоционалды интеллектті дамыту арқылы оның әлеуетін ашуға, қолдауға қолайлы орта құруға ықпал етеді.

Біздің мақсатымыз:

Студенттер мен университет қызметкерлеріне конфликтілерді сындарлы шешу, айналадағы адамдармен сенімді қарым-қатынас орнату, өзінің және басқа адамдардың эмоцияларының себептерін дұрыс түсіну, өз эмоциялары мен басқалардың эмоцияларын дұрыс түсіндіре білуге дағдыландыру, шынайы эмоцияларды жалған, сонымен қатар практикалық мәселелерді шешу үшін өз эмоцияларын және басқа адамдардың эмоцияларын дұрыс қолдана білу мақсатында семинар-тренингтер өткізу.

Ғылыми мектептің сапалы нәтижелері:

- Тыңдаушылар мінез-құлқында проблемалар аз болады;
- Олар танымдық іс-әрекеттің күрделірек түрлерін қалайды, оқу-еңбек процесі қызықтырады, белсенді қатысады және қанағаттандырады;
- Топта өзара эмоционалды қолдау атмосферасы қалыптасады;
- Мұғалімдер мен студенттер, құрбылар арасында сенімділік қатынастары орнатылады;
- Жалпы үйдегі, топтағы және сабақтағы эмоционалды ахуал қолайлы болады;
- Студенттер мен университет қызметкерлері өздерінің мінез-құлқын сындарлы түрде түсіндіре алады, сонымен қатар өз эмоцияларын басқаруды біледі;
- Тыңдаушылардың эмоцияларды басқа адамдардағы себептерін түсінуге, сондай-ақ жанашырлық танытуға және мұқият болуға үйренеді.

Эмоционалды интеллектуалды білім беру ортасы студенттер мен университет қызметкерлеріне жетістікке жетуіне, жанжалдарды өнімді шешуге, құрдастарымен ортақ тіл құруға және мәселелерді шешуге көмектеседі.

Жоспар:

« Эмоционалды интеллект және тұлға тану» ғылыми мектебі				
№	Тақырыптар	Жауаптылар	Орындау мерзімі	Нәтижесі
1	Жеке тұлғалық және кәсіби қызметтегі эмоциялардың рөлі. Жоспары: Эмоционалды интеллект ұғымы. Қазіргі әлемде ЭИ құбылысының танымал болу себептері. Эмоционалды интеллектті дамытудың бес қадамы: өзін-өзі тану, эмоцияны басқару, өзін-өзі ынталандыру, қарым-қатынасты басқару, эмоционалды коучинг	Сабинова Ж.Н. Қазиев Қ.О. Магистрант Токкулиева Н.	Ақпан	Университет сайтына салу
2	Өзін-өзі тану: өз эмоцияларын анықтау. Жоспары: Мета-бағдарламалар. Мақсаттар туралы хабардар болудың құндылығы. ЭИ және	Мусина Г.М. Бисембаева Т.Ж.	Наурыз	Практикалық - әдістеме

	SMART критерийлері. Өзін-өзі диагностикалаудың практикалық әдістері.	Өмірзақова-Ахмет А.Қ.		лік құрал дайындау
3	Өзін-өзі ынталандыру Жоспары: М. Эриксонның бес қағидасы. Жаңа білім мен дағдыларды игерудегі саналы және бейсаналық ақыл-ойдың жұмыс механизмі. Эмоционалды өзін-өзі реттеу дағдылары, қиын жағдайларда эмоционалды жұмылдыру әдістері	Турегалиева В.С. Султангалиева А.Е. Ризуанова А.Қ.	Сәуір	Университет сайтына салу
4	Көшбасшылыққа заманауи көзқарастар. Жоспары: Д. Гоулманның көшбасшылық стильдері. Эмоциялардың шешім қабылдауға әсері. Эмоционалды көшбасшының қасиеттері.	Имангалиева Н.Т. Мугауина Г.О.	Мамыр	Университет сайтына салу
5	Стресс аймақтары мен кезеңдері. Жоспары: Тұлға және стресс. Стресс реакцияларының себептері мен нұсқалары. Стресс – менеджмент негіздері. Эмоцияны басқару стрессті басқару әдісі ретінде.	Қаженбаева А.Е. Қарабаева Н.Б. Шугаева Г.К.	Қыркүйек	Университет сайтына салу
6	Ұжымдағы эмоцияларды басқару Жоспары: Қактығыстардан ынтымақтастыққа дейін. Сәйкестіктер мен сәйкессіздіктер-диалог құру. Эмоционалды интеллект өзгерістерді басқару стратегиясы ретінде. Эмоционалды интеллектуалды команда құрудың маңызы.	Нұрмұқашева С.Қ. Бисенова Ш.Н. Муталиева Д.Р.	Қазан	Мақала дайындау
7	Ақын, ағартушы педагог-психолог Мағжан Жұмабаев еңбектеріндегі сүйіспешілік идеяларының тұлға қалыптасуындағы маңызы	Сабилов А.Р. Жұбанғалиева Г. Ғ. Омарова Г.Р.	Қараша	Ғылыми жобаға ұсыну
8	Педагог-психолог Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығындағы эмоционалды интеллекттің биологиялық алғышарттары: тұқым қуалаушылық, ойлау түрлері, темперамент қасиеттері. Эмоционалды интеллекттің әлеуметтік алғышарттары	Джанзакова Ш.И. Базарғалиев Ғ.Б. Қожрақова А.С.	Желтоқсан	Ғылыми жобаға ұсыну

Кафедра меңгерушісі:

Қазиев Қ.О.

Ғылыми мектеп жетекшісі:

Сабилова Ж.Н.